
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

340.115845

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МУРАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ POLICIES AND OBJECTIVES OF THE KAZAKH KHANS, RIGHTS AND ITS FEATURES

Шыңғыс ЕРГӨБЕК*

Түйіндеме

Қазақ хандығы тұсындағы мемлекеттік реформалар толық жаңа қоғамдық қатынастардың өркендеуіне альп келді. Дәстүрлі құқық элементтерінің сақталуын саяси тұрақтылық пен ішкі бірліктің күшінде оның түрлілігінде болады. Қоғамның бір орында тұрмай, мемлекеттің жаңа институттарының пайда болуы аса күрделі саяси процестердің бастамасы болды.

Мақала авторы қазақ хандарының саяси және құқықтық мұраттарын, оның ерекшеліктерін зерделей зерттейді.

Кітт сөздер: зан, элита, реформа, құқықтық реформа, әдет-ғұрып нормалары.

Summary

Reforms under the leadership of the Kazakh Khanate delivered to the new public relations development of the state. This is due to the strengthening of internal cohesion and respect for the rights of tradition. Society does not stand in one place formation of a new institution was the beginning of a complex political process.

The author explores a meaningful policy Kazakh khans and features of its rights.

Keywords: law, elite, reform, legal reform, customary norms.

Жәнібектен кейін хандық билік Керейдің үлкен ұлы Бұрындық ханға өтті. Бұл кезең терең тарихи процестер мен билік үшін таластардың басы болатын. «Ол өз әкесі мен оның сенімді серігі Жәнібек ханның өсінетіне адал болды, олар құрған хандықты сақтап, күшайте беру жолында аянып қалмады. Ол іскер де батыл еді. XY ғасырдың соңғы ширегіндегі хандықтың үлкен-кіші оқиғасының бәріне тікелей араласып, әскер басында да өзі жүрді, шайқастарда өлденеше рет жараланды. Мұсылман тарихшылары Бұрындық ханды Дешті Қыпшақ билеушілерінің ішіндегі ең белгілісі және құдіретті өмірші деп сипаттайды. Бұрындық хан тағында отыз жылдан астам отырды. Сөйтеп тұра жоғарғы билікті өмірінің ақырына дейін ұстап тұра алмады» [1, 68].

* Зан ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттық университеті, Аккредитация, рейтинг және саланы басқару орталығының директоры, Алматы-Қазақстан. PhD in law, Al-Farabi Kazakh National University, director of the Center for Accreditation, Rankings and Quality Assurance, Almaty-Kazakhstan. E-mail: Shyngys.Ergobek@kaznu.kz

Ергөбек III. Қазақ хандарының саяси және құқықтық мұраттары...

Бұрындық ханның орнын көреген саясаткер, ойшыл, белгілі қолбасшы Қасым хан басты. Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы бұрын сонды болмаған биқтеріліп, Орталық Азиядағы белді саяси құшке айналды. «У Касыма было подвластных казахов около 1 миллиона душ, и никто после Джочы – хана не был так могуществен, как он» [2, 62; 3,157].

Мәшиүр Жүсіп Көпесевтің «Қазақ шежіресіне» сүйенер болсақ, Өз Жәнібектің тоғыз ұлы болыпты. Оның бірі Қасым хан. Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп, Ұлытауға орнаттырған. Қазақты қатарға қосып кеткен осы Қасым хан. Қазақтың ортасында: «Қасым ханның қасқа жолы» - деген сөз үлгі болып қалды. Қастерлеуден қанатты сөз туды.

Баласы Жәнібектің сәрдәр Қасым,
Қазақтың біріктіріп, құрап басын
Осы жер ата қоныс, мекенің деп,
Найзамен сызып берген шекарасын.

Шежіренің айтарлықтай толық мәтінінде, Қасымның Жәнібек ханнан кейін бірден билікке келгендейтін айтылады. Жәнібектің өзінен соң Қасым хан болды. Ата-бабаларынан бақты, даңқты болып, Жопы ханның өзінен соң Дәшті Қыпшақты менгеріп билеген осы хан болды.

«Жеңімпаз қолбасы, үлкен ұлыстың беделді сұлтаны, кейіннен қазақ ханы, реформатор-биеуаші – міне, туған ел тарихының өтпелі кезеңінде Қасым мандаійна тағдыр атқаруға жазған тарихи рөлдер ауқымы осындай болатын» [2, 69].

Қасым ханның билігі тұрақты, әрі нақты болды [4, 276]. Билікті орталықтандыру және қалалық өркениетті дамыту Қасым ханның ойы бойынша мемлекеттің беріктігін қамтамасыз ететін факторлар еді. «По признанию многих авторитетных дореволюционных и современных историков-востоковедов и этнологов, ханская власть в Казахской степи, пожалуй, никогда не была такой прочной, авторитетной и значительной как по территориальному охвату, так и по масштабам распространения, как при правлении Касым-хана» [5, 144-145].

Осыған байланысты Қасым өз жоспарларына Қазақ хандығының құрамына Сыр өніріндегі бекініс қалаларды енгізуі мақсат етіп қояды. Бұл туралы Нұрсұлтан Назарбаев былай деп жазады: «Кезінде «қоныс алу» үрдісін шапшаң жүргізген көрнекті хандардың бірі Қасым еді. Оның сыртқы саясаттағы сәтті қадамы Сырдария бойындағы қалаларға қазақ билігін бекіте түсу жолындағы құрес болды» [26, 215 б.].

Бұл қалаларды Қазақ хандығына қосу көшпелі халық үшін стратегиялық маңызы бар пункттерге жол апты. Жалпы Қазақ

хандығының тарихының сыртқы саясатындағы ең маңызды орынды осы Сыр өніріндегі қалалар алды. «Жизненная необходимость обеспечения бесперебойного обмена излишков скотоводческой продукции на продукты земледелия и городского ремесла подогревала стремление казахской знати к овладению этими городами. Но ее усилия наталкивались на сопротивление узбекских феодалов, не желавших допускать казахов на рынки указанных городов» [6, 40].

Қасым хан дәуіріндегі сыртқы саясаттың тағы бір векторы Ресей болып белгіленді. «Первые связи Московского государства с Казахским ханством были установлены, по мнению ряда исследователей, в конце XY в. Ссылаясь на «Опись царского архива» 1575-1584 гг., в которой говорится, что в ящике под номером 38 хранятся «книги и списки казацкие при Касиме-царе и тюменские при Иване-царе» [7, 22]. Бұл кезеңде Қазақ хандығы Батыс Еуропада белгілі бола бастады [4, 275].

Ханның жүзеге асырған маңызды реформаларының бірі руларды ірілендіру болатын. Бұл ұлыстар мен жалпы хандықтың қорғаныс қабілетін арттырды. Қасымның билікті орталықтандыруы ханның саяси-құқықтық ойларының өзегі мықты орталық билікке негізделген саяси жүйені құру болғандығын айқындайды. «Несмотря на явное проявление тенденций сепаратизма со стороны отдельных предводителей племен, дело усиления власти хана в пределах территории своего ханства шло довольно успешно. Особенно сильной она стала в первой четверти XVI века при хане Касыме (1512-1521 гг.)» [8, 111].

Құқықтық реформаларға тоқталар болсақ, Шыңғыс хан заманынан бері кодификацияланбаған Яссыларды жүйелеп, жаңа жағдайға икемдендіруі нормативті актілердің жаңа жинағы «Қасым ханның қасқа жолының» [9, 24] шығуна ықпал етті. «Зәулім ғимаратты салмас бұрын оның салмағын көтере ала ма деп топырақты тексеретін және зерттейтін сөүлетші сияқты данышпан заң шығарушы өздігінен ең игілікті заңдарды құрастырудан бастамайды, бірақ олар арналған халықты, оларды көтере ала ма деп алдын ала сынайды» [10, 43].

Қасым хан заңдарын жасаушылар сол кезде енгізіле бастаған шарифат нормаларына қарсы сақтап қалғысы келген ежелгі құқықтық нормаларға сүйенеді. Сол кездегі жағдайға байланысты халыққа жаңа құқық нормаларының көктен түскенін көрсету керек болды. Бұл туралы қазақ тарихының ғұламасы Ә. Х. Марғұлан былай деп жазады:

Ергөбек III. Қазақ хандарының саяси және құқықтық мұраттары...

«15 ғ.-16 ғ. басында Бұхардың ишан-қазылары қазақ өлкесінде діни үгіт таратып, «ежелгі жарғы заңын қалдырындар, ол көкке табынатын дінсіздің ісі, оның орнына шаригат қағидасына ауысындар. Ант бергенде көк соқсын деп айтпаңдар, құран соқсын деп, құранды бастарыңа көтеріңдер», - деп үгіттейді» [11, 542].

Ал «көшпелі халық шаригат нормаларын қабылдағысы келмей өздерінің тұрмыс жағдайларына жат ережелерді күшпен тануға тырысқан билеушілерге талай рет қарсы шыққан. Жаңа этникалық қауымдастықтың қалыптасуы жағдайында Қасым хан көшпелілердің тұрмыс жағдайына сай келетін зандар жинағын жасай білді. Өзін дербес ұлыс деп ұғынған жаңа этникалық қауымдастық Қасым ханның зандарын жаңа құқық жүйесі деп қабылдады.

Бұл құқық жүйесі бүкіл халқы бір қазақ ұлысы болған үш жүзге түгел тараалды» [12, 326].

Зандар жинағы бес тараудан тұрды:

1. Мұлік зандары (мал, мұлік, жер дауы мәселелері).
2. Қылмыс зандары (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық мәселелері).
3. Әскери зандар (қосын, аламан, әскери міндеп, тұлшар ат, қара қазан мәселелері).
4. Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, сыпайылық, әдептілік).
5. Жұртшылық заңы (ас, той, мереке, жасауыл және т.б.)» [13, 9; 14, 379-380].

Бұл нормативті құқықтық актілер жиынтығын Қазақ хандығы тұсында құрылған алғаш нормативті база деп қабылдауға болады. «Қасым хан заманында қазақ елі хан ордасын Евразия көшпелілерінің ежелгі саяси-этникалық орталығы Ұлытауға көшіріп, Алаша хан атын қайта жаңғыртты. Қазақ елінің ұлттық идеясының мықты іргетасы, қазақ қауымына біріккен сан алуан тайпалардың басын құрап отырған ортақ тамыр Алаша ханға арнап Ұлытауда Қасым хан биік күмбез орнатты. Олай болса «Қасым ханың қасқа жолы» тек құқықтық көзқарастардың жолы емес, ол ең алдымен қазақтың ел болу үшін, жүрт болу үшін күрес жолы» [14, 48].

Қасым ханың өлімінен кейін қалыптасқан ауыр жағдайда Қазақ халқына көршілерінің барлығы дерлік жаугершілік саясат ұстанып ішкі тұрақтылық билікке таласпен орын ауыстырғанда, Қазақ хандығының басына Қасым ханың бел баласы Хақназар келеді [4, 290]. 1560 жылдың таққа отырған Хақназар аз уақытта саяси

тұрақтылықты орнатуға тырысады. «Ко второй половине XVI в. Казахское ханство переживало сильное ослабление в связи с бесконечными войнами, междуусобицами, но в период правления Хакк-Назар-хана оно достигло некоторого подъема во внутренней и внешнеполитической жизни, который впоследствии вновь сменился спадом.

С конца 50-х гг. XVI в. Казахское ханство представляло серьезную угрозу для ногаев, сибирского хана Кучума и для среднеазиатских ханств» [15, 166].

Хақназардың негізгі саяси-құқықтық мақсаты хандықтың тұтастығын сақтап, көршілерінен қорғану болатын. «Вся политическая деятельность Хаккназар-хана была направлена на интеграцию казахского общества и обеспечение безопасности своей страны от внешних вторжений» [5, 146].

Солтүстікten Сібірдің Көшім ханы, Еділдің бойынан Ноғай Ордасы, Орталық Азиядан күшейіп келе жатқан Баба сұлтан, тіпті Баба сұлтанға қарсы одақтасы Абдолла ханның өзі Қазақ хандығының жеріне көз тігіп отырғанда, қолына қару алған Хақназар Сібір хандығына қарсы одақтасты Ресейден тауып, солтүстіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етті [7, 23], Ресеймен сауда байланысын нығайтты: «В 1573 году Иван Грозный направил первую дипломатическую миссию к казахскому хану Хакк-Назару во главе с послом Т. Чебуковым, который наряду с иными вопросами должен был решить вопрос о расширении торговых связей между Московским государством и Казахстаном» [17, 105].

Ал Ноғай мырзаларымен келіскең Хақназар Орта Азиядағы мәселелерге алаңсыз араласа бастады. Ең бірінші кезекте онтүстік шекараны қамтамасыз ету үшін Түркістан қалаларын қайтаруды ойлаған Хақназар Абдолла ханмен Баба сұлтанға қарсы одақ құрады. Бұл одаққа көрсеткен ізеттілігі ретінде Абдолла Хақназарға Түркістан аймағын қалалармен бірге сыйға тартады. Бұл тек, ізеттілік пен құрметтен туған шара емес, Орта Азиядағы саяси салмақтың арақатынасынан туындаған шара еді. Хақназар сыртқы саясатта үлкен жеңіске жетті, хандықтың территориясын үлкейтіп, өзінің билік ету аясын кеңейтті. Бұл туралы П. И. Рычков былай деп жазады: «Сей Акназар, учинившись ханом, в великое усиление пришел и владел не только одними теми ногайцами и Башкирию, но сверх того Казанское, Сибирское и Астраханское царство, Бухарию, Хиву, Ташкент и другие

многие города под власть свою покорил и дань с них собирал...» [15, 168].

Хақназар ханның дәуірінің соңына қарай Орта Азия иеліктерімен бірге ойраттардан да қауіп төне бастады. Қазақ хандығының алғашқы жылдарындағы бейбіт қатынастар шамамен екі ғасырга созылған қазақ-жонғар соғысына ұласты. «...взаимоотношения казахов и ойратов в течение почти столетия были мирными и добрососедскими. Положение резко изменилось в 30-х годах XVI в., когда началась двухвековая борьба между ойратскими и казахскими феодалами. Какие обстоятельства обусловили переход от мирных отношений к вооруженной борьбе, что лежало в основе ойратско-казахского антагонизма не вполне ясно. Известные нам источники не дают ответа на эти вопросы. Можно лишь предполагать, что немалую, возможно, решающую роль играли как намерение обеих сторон расширить свои пастбищные территории за счет соседа, так и стремление ойратских феодалов захватить в свои руки сырдаринские города и подходы к ним» [6, 42]. Алғашқы кезеңдерде бұл қақтығыстар көп шығын әкелмегенімен, Қазақ хандығының бірлігі әлсіреген тұста ерекше ауыр нәтижелерге алып келді.

Сыртқы істерді бір жүйеге салып алғаннан кейін, ішкі шаруалармен айналысуға бет алған Хақназар, өкінішке орай жоспарларын жүзеге асыра алмады. Баба сұлтан шығарған бүліктің салдарынан 1581 жылы қайтыс болған Хақназардың салық жүйесі мен мемлекеттік басқаруда, шаруашылық жүргізу мен ішкі қауіпсіздік мәселелеріне өз көзқарасы болатын. Атап айтсақ, хан шаруашылықты тиімді жүргізу үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуді басты мақсат деп қарастырды.

Сондай-ақ қоғамның негізгі бөлігі қарапайым малшылар екендігін білетін Хақназар жаңа салық жүйесін енгізуді ұсынды. Онда бірінші кезекте адамның ауқаттылығы ескерілетін. Сондай-ақ сөз бостандығына ерекше мән берілді. Ежелден қалыптасқан бұл әдет-ғұрыпқа Хақназар ерекше ілтипат білдіріп, сөз бостандығын қорғаушы ретінде белгілі болатын. Қазақ хандығында жүргізілген әкімшілік реформа Хақназар атымен байланысты. «Со временем правления Хакназара казахи связывали в XVIII-первой половине XIX в. образование трех жузов и некоторое усиление роли обычного права в социально-политической жизни кочевого населения региона» [5, 147].

Хақназар хан отырықшы шаруашылық - экономикалық тұрақтылық пен ішкі татулықтың кепілдігі деп қарастырды.

Сондықтан, мал шаруашылығынан басқа салалардың дамуына көп мән берді. Корыта айтқанда, XYI ғ. П-жартысының басында Қазақ хандығы саяси және өскери жағынан кемеліне келген мемлекет болды.

Хақназар ханнан кейін билік құрған Шығай хан ішкі және сыртқы саясаттағы бірқатар сәтсіздіктерден кейін, Абдолла ханның басшылығын мойындаған вассалға айналады.

Қазақ хандығының дербестігі бұдан bylай Шығай ханның баласы Тәуекел баһадүр ханмен тығыз байланысты. Жас кезінде Абдолла ханның қол астында өскербасылықпен айналысқан Тәуекел, Орта Азиядағы бірқатар аймақтарды басқарады. Түркістан аймағындағы бірқатар қалалар мен елді мекендердің Өзбек ұлысына қосылуы Тәуекелдің хандық билікке ұмтылуына жағдай жасады. Хақназар ханның өлімі үшін Баба сұлтанның кек алған да осы Тәуекел болатын.

1583 жылды Абдолла ханның өскери қатарында Өндіжан мен Ферғанаға жорығы кезінде хан тарапынан бақталастық қатынасты сезген Тәуекел Дешті Қыпшаққа кетеді. Шамамен осы уақыттан бастап Тәуекел қазақтың ханына айналады.

Тәуекел ханның саяси-құқықтық ойлары осы аумалы-төкпелі заманда қалыптасты. Оның негізгі ойы Қазақ хандығын қуатты, күшті мемлекет етіп қана қою емес, оны Орта Азияны біріктіретін алпауыт империяға айналдыру еді. Бұл идеяның жүзеге асуына кедергі келтірген Орта Азияның билеушісі Абдолла хан. «Главным направлением его внешнеполитической линии являлась борьба за присырдарынские города, что должно было существенно расширить экономический базис Казахского ханства и способствовать его военно-административного контроля над узловыми перекрестками торговых путей из Поволжья и Западной Сибири в Восточный Туркестан и Фергану» [5, 147].

Ханның өскерінде басшылық қызмет атқарған Тәуекел Абдолла өскерінің кемшиліктерін біletін. Ондағы өскерді өзіне тарту арқылы Абдолла өскерінің соғыс қабілеттігін төмендетіп отырды. Алайда, 1586 жылды басталған соғысты жеңіспен аяқтау үшін 12 жыл қажет болды.

Тәуекел хан салық реформасында Хақназар ханның жолын қуушы болды. Салықтың негізгі ауыртпалығын халықтан алып байлардың ишіне салу - Тәуекелді Түркістан аймағындағы ең беделді билеушіге айналдырды. Түркістан аймағына Орта Азиядан көптеген қолөнер шеберлері, ауыл шаруашылық жұмыскерлері келіп жатты. Бұл Оңтүстік Қазақстан аймағының экономикасының күшейіп, Қазақ

Ергөбек III. Қазақ хандарының саяси және құқықтық мұраттары...

хандығының Орта Азиядағы ықпал ету аясының кеңеюіне зор үлесін тигізді.

Тәуекел хан тек Орта Азияда ғана емес, басқа аймақтарға да кең экспансионистік саясатты жүзеге асырды. Қалмақтарға жасаған жорықтары нәтижесінде Қазақ ханы атымен қоса, Қалмақ ханы атағына ие болды. Бұл туралы академик В. В. Бартольд былай деп жазады: «В 1594 году Теввекель отправил посла в Москву, предлагая свое подданство царю Федору; в деле об этом посольстве хан назван «царем казацким и калмыцким», из чего можно заключить, что ему подчинились некоторые калмыцкие роды» [17, 152; 7, 16-17].

Ал заңгер-ғалым М. Сәрсембаев Тәуекел хан Мәскеуге өз елшісін өскери одақ құру үшін жіберген деген дерек келтіреді: «Посол казахского хана Тевекеля Кул-Мухамед в 1594 году прибыл в Московское государство для заключения военного союза» [16, 104].

Тарихшы-ғалым В. Я. Басиннің ойына сүйенер болсақ, Ресей патшалығы Құл-Мұхаммед бастаған қазақ хандығы елшісінің келуін өз мұддесіне тиімді пайдаланады: «rossийское правительство спешило использовать слагавшуюся международную обстановку не только для установления более тесных отношений с казахской степью, но и для превращения ее в полу зависимую от России. С этой целью российская дипломатия намеренно истолковала простое обращение Тевекеля за помощью как искаание им добровольного подданства царской власти и поэтому со своей стороны обуславливала эту помощь обязательной присылкой казахским ханом Тевекелем в аманаты его сына султана Усейна. Соглашаясь на прием под свою высокую руку казахских земель, российское правительство с самого начала требовало от Тевекеля доказательств его верности» [18, 92-93].

Тәуекел хан Орта Азиядағы иеліктерді сақтап қалу үшін тұңғыш тұрақты өскер құруға тырысты. Себебі «в конце XVI столетия киргизы (казахи – М. А.) оказались в непосредственном соседстве с русскими и в то же время окружеными кольцом враждебных им кочевых народов: с запада и северо-запада – башкирами, калмыками и ногайцами, с востока – джунгарами, с юга – тюркскими народами Хивы, Бухары, Кокана и др.» [15, 170].

Әскер қала шеңберіндегі қорғаныспен қоса онтүстік шекараларды қорғау қызметін де атқарды. Алайда, бұл бастама Қазақ хандығы дәүірінде терең сінісінде қойған жоқ. Оның үстінен жаулап алу философиясынан қазақ көшпендейсінде қорғаныс философиясы жақын болатын. Көшпелі мал шаруашылығы үнемі жаңа жайылымдарды

игеруді қажет ететін. Ал, әйелдер бұл сұрақтарды ердің көмегінсіз шеше алмайтын. Осының бәрі арқаның кең даласын мекендейген руладың батырларын ауылдарына қайтуға мәжбүр етеді.

Бұл аралықта Тәуекел баһадүрдің аты жер жаһанды айналып, тіпті «мұміндердің басшысы» деген атақта алғып келді. Орта Азияның Бұқараға дейінгі жеріне иелік еткен Тәуекел терең ойлы билеуші ретінде қазақ тарихында мәнгілік орын табетінінде ешқандай күмән жоқ.

Тәуекел сыртқы саясатта да көп жетістікке қол жеткізіп, болашақ Қазақ хандығының тәрриториясын кеңейтті. «В 1598 году, в год своей смерти, Теввекель овладел Туркестаном и Ташкентом; эти города оставались во власти казаков до 1723 года; в связи с этим фактом, по мнению В. В. Вельяминова-Зернова, находится распадение казацкого народа на три орды. Туркестан и Ташкент в XYII веке были центром могущества казаков, тогда как из Семиречья их постепенно вытеснили калмыки» [19, 152-153].

Тәуекел ханның қайтыс болуы Қазақ хандығында бірқатар мәселелер тудырды. Осы тұста хан тағына отырган Есім хан қазақ халқын бытыратпай, басын қосып сақтап қала алды. 1598-1630 жылдары билік құрған Еңсегей бойлы Ер Есім Тәуекел ханның мұрасын барынша қолында ұстап қалуға тырысты. Өзі Түркістанда қоныс тепкен Есім хан Ташкент бектігін Тұрсын ханға ұсынады.

Қазақстанның оңтүстігінен дәмесі бар Өзбек ханы Иманқұл қанша басып алуға тырықсанымен Есім хан мықты қарсылық көрсетті. «На рубеже XYI-XYII вв. Есим-хан вел упорную борьбу с бухарскими правителями-Аштарханидами и ойратами за обладание городами и оседло-земледельческими оазисами на средней Сырдарье, результатом которой явился переход под полный контроль казахских ханов города Туркестан с его окрестами» [5, 148].

Есім ханның сыртқы саясаттағы бағыты Тәуекел ханның сыртқы саясатының заңды жалғасы болып табылды. Профессор Абдулькадир Ювалы бұл саясаттың тек Түркістан емес, Ташкенттің енуімен аяқталғандығын айтады: «1580-1594 жылдары Сырдария қалаларын, Түркістан жерін құтқару үшін Өзбек хандарымен шайқастар үздіксіз жалғасып жатты. Нәтижеде Есім ханның (1598-1628) тұсында Ташкенттен бастап, Сырдария бойындағы қалалар Қазақ хандығының билігіне өтті» [19, 142].

Есім ханның тұсындағы саяси вектордың тағы бір бағыты ойрат тайпалары болатын. «ХҮІ ғасыр басында ойрат тайпалары күштегіе

Ергөбек III. Қазақ хандарының саяси және құқықтық мұраттары...

түсіп, қазақ жеріне жорықтар үйімдастыра бастады. Сонымен Есім хан бір жағынан қазақ сұлтандарымен (тақ, билік үшін), бір жағынан ойраттармен және Бұқара ханымен күресті» [19, 142; 7, 21].

Ойрат тайпаларымен соғыста Есім ханың қырғыздарға арқа сүйеуге тырысқандығы байқалады. «Активное участие в борьбе с ойратами принимали ногайцы и киргизы Тянь-Шаня. Не исключено, что между казахским ханом Есимом и киргизскими феодалами существовала определенная на этот счет договоренность» [7, 27]. Бұл одақтың белгісі ретінде Есім хан Таңкентте үлкен мұнара салды [20, 77].

В.А.Моисеев Есімнің ойраттармен соғысының нәтижелі аяқталып, Қазақ хандығының жеңгенін, бұл жеңістің саяси одаққа айналғандығын жазады. «К концу второго десятилетия ХҮП в. в ойрато-казахских отношениях произошли изменения. Есим нанес ойратам ряд серьезных поражений и принудил к миру. ... Далай-Батур, Хо-Урлюк, Чокур направили к Есиму послов с предложением прекратить взаимные нападения и заключить мир. Между тем сами воспользовавшись начавшимися переговорами, напали на казахские улусы. В ответ на это разгневанный Ишим убил послов, двинул на калмыков большое войско и, в свою очередь, перебил много калмыков и взял в плен двух тайш, а третий едва спасся бегством. Можно предположить, что это нападение на казахские кочевья были совершенно другой частью ойратов, противниками вышеназванной ойратской группировки.

На совещании главных тайш Байбагиши, Далай, Чокур, Хо-Урлюк решили заключить с ханом Есимом мир и совместно с ним нанести удар по владениям султана Турсуна и бухарского хана Имамкули» [7, 25].

Өзінің негізгі бағытында халық тұластығын сақтауға тырысқан Есім саяси оппоненті болып табылатын Тұрсынды да биліктен тайдырады. Мұндағы басты мақсат саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету болса керек. «Политически нестабильной оставалась обстановка и в Казахском ханстве. В частности, обострилась борьба между наследником Тевеккея ханом Есимом (1598-1628) и султаном Турсуном. Воспользовавшись этим, ойраты совершили очередной поход в казахские кочевья, в котором принимал участие Хо-Урлюк» [7, 20].

Оның үстіне хан ішкі саясатта сопылышқа бағыттағы исламнан бас тартып, басқа бағытқа ауғандығы көптеген деректерде аталады. Діннің

бұл ағымының халық арасында кең етек жаймауы, Тұрсын ханның оппозициялық бағыт ұстануы, бұрынғы одақтастар арасына салынған іріткі секілді ықпал етті. «Внутриполитическая обстановка во второй половине 20-х гг. ХҮП в. в Казахстане характеризовалась нарастанием напряженности и обострением борьбы между ханом Есимом и султаном Турсуном» [7, 29].

Халық бірлігін сақтап қалу, азamatтық соғысты болдырмау мақсатында Есім хан, кейбір дәстүрлі құқықтарды шектеп, әскери сегментті күшетуге мәжбүр болды. Тұрсын ханның өз атынан ақша шығарып, тәуелсіз хандыққа ұмтылуы, дәстүрлі далалық сопылықтың тірегіне айналуы, мұндай қорытындыны заңдастыргандай. Жеке билік нығайтуда өзінің бұрынғы белді жақтастарын құғынға ұшыратқан хан, негізгі мақсат ретінде тыныштық пен ішкі бейбітшілікті көздегендігі айқын. Бұл жол Есім ханның Тұрсын сұлтанды өлтіруімен аяқталады. «Есим, получивший за свои подвиги в борьбе с ойратами прозвище «Храбрый», опираясь на помошь правителей Турфана и Чалыша Абд ал-Рахим-хана, нанес поражение и убил Турсуна в 1627 г. Через год умер сам» [7, 29].

Қасым ханнан бастап кодификацияланған нормаларының кей тұстарының ескіргендігін ойлаған хан, өзінің «Есім ханның ескі жолы» атты кодификацияланған нормалар жиынтығын ұсынды. Аталмыш нормалар жиынтығы дамып келе жатқан феодалдық қатынастарға жол ашып, елдің бірлігі мен саяси тұрақтылықты нығайтуға бағытталған қадам болатын. Ж. О. Артықбаев «Жеті Жарғы» аталағын еңбегінде Есім хан, оның заңдары туралы: «Жошы өuletінен шыққан хандар ішінде 40 жыл тұтас хандық құрған деп дәріптелетін Есім хан өз заманында көптеген жол-жоба, кәде-қауымет заңдарын шығарған, бірақ олар «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты қалыптасқан билік-құқық жүйесін өзгерту емес, қайта жаңғыртуға бағытталған істер болды. Мемлекет негізін нығайту, қоғамда төрелердің орны мен белсенділігін күшету, ішкі сепаратизмді болғызбау, жалпы Шыңғыс ханға баратын «Жасақ» пен «Жазаны» күшету Есім мақсаты болды. Сол себептен оның заманында елге танымал тәртіп «Есім ханның ескі жолы» атанды» [21, 50], - деп жазады.

«Есім ханның ескі жолының» дәстүршіл, ғұрыпшыл табиғатының болғандығын жоғарыда атап өттік. «Қасым ханның қасқа жолы» заңдар жиынтығы өзгеріссіз «Есім ханның ескі жолынан» жалғасын тапқан. Көшпелі тұрмыс тауқыметіне байланысты қалыптасқан салт-

дәстүр, әдет-ғұрыптың көрінісі деп бұл заңдарды ұлттық рухани болмыстың саналы бейнесі ретінде қарастыруға болады» [22, 185].

«Есім ханның ескі жолы» нормативті актілерінің жиынтығы Қазақ хандығында кең қанат жайып келе жатқан жаңа қатынастарды реттеуге бағытталды. Қасым хан қағидаларынан ауытқымай, оны келесідей баптармен нығайтты.

«1.Хан болсын, ханға лайық заң болсын (яғни, хан өз мемлекетінің қолайына жаққан заңды белгілеуге құқылы).

2.Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын (яғни, ер-азамат жау алдынан белсеніп шығуға, әрі жауды женіп қайтуға тиіс).

3.Абыз болсын, абыз сайлау парызы болсын (яғни, білімді кісілерді құрмет тұтуға тиіс).

4.Би болсын, би түсетін үй болсын (яғни, билер өздерінің іс басқару аппараттарын құрғаны ләзім)» [14, 380].

Бұл құқықтық принциптер кейінгі пайда болған актілерге бағыт көрсеткен фундаменталды негізге айналды.

Қазақ хандығының іргесі бекіген қуатты империяға айналу кезеңі жүріп жатты. Алайда екі ханның жанжалының арты қанды қырғынға соқтырып, қуатты елдің іргесін бір шайқалтып кетеді. Нәтижесінде, Тәуекелден қалған үлкен жер иеліктерін игеруге қазақ хандығының материалдық ресурстары жеткіліксіз болып шығады. Осылайша Қазақ хандығы Есім ханның тұсында қуатты империяға айналу мүмкіндігінен айрылып қалады. Мұнда Есім ханның кінәсінен гөрі амбицияларын жүзеге асыруға тырысқан төрелерді қолдайтын саяси жүйе кінәлі еді деп толыққанды тұжырым жасауға мүмкіндік бар.

Тәуке ханның 1680 ж. билікке келуі қазақ қоғамында бұрын-соңды орын алмаған кең қоғамдық саяси реформаларға жол ашты. Тәуке хан және оның заманы туралы А. И. Левшин былай жазады: «Сей золотой век, о котором вспоминают они со вздохами, есть царствование знаменитого хана их Тявки, который, если верить преданиям, был действительно в своем роде гений, и в летописях казачьих должен стоять наряду с солонами и ликургами. Усмирив волновавшиеся долго роды и поколения, он не только ввел в них устройство, порядок, но и дал им многие законы» [23, 367].

Тәуке ханның қоғамдық реформаларының қайнар көзі бірлік қажеттілігінен туындалады. Осы орайда өз билігін нығайту арқылы басқа төрелердің құқығын шектейтін бірқатар бастамалар көтеріліп, билердің қоғамдық орны күштейтілді. «Тәуке хандығын нығайту үшін ең алдымен үш жұздің басына төреден емес қарадан шыққан үш би

қойып, елді солар арқылы басқарады. Хандықтың қасында сенат-сейм сияқты жеті жарғыш билер ұстап, «Күлтөбенің басында күнде кеңес» құрып, елді ішкі – сыртқы жағдайына байланысты, барлық маңызды мемлекеттік мәселелерді солармен ақылдасып, талқылап отырады. «Жеті санаттың» қатысуымен ескірген «Есім ханның ескі жолын», «Қасым ханның қасқа жолын» қайта қарап, феодалдық мемлекеттің бірлігін, беріктігін қамтамасыз ету үшін жаңа заң - «Жеті жарғы» заңын жасады» [24, 165].

Фалым Б. Кенжебаев Төуке ханның қазақтың бірлік-ынтымағын, жауынгерлік күш-куатын күшейту, ел басқару ісін тәртіптеу мақсатында мынадай заң шығарды дейді: «1) жыл сайын рубасылар мен ақсақалдардың кеңесі болсын, ол ханның қатысуымен халық тұрмысының аса маңызды мәселелерін қарап шешсін; 2) кеңеске қатысатындар тегіс қару-жарақты болсын, қару-жарагы жоқтарға кеңесте дауыс берілмейді; 3) хан тұқымдарынан басқа қару-жарақ асынуға жарайтындар жыл сайын мал-мұлқінің жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде салық төлесін, бұл ханның қазынасына түсіп, халық ісін басқаруға жұмсалсын» [25, 61]. Фалымның пікіріне сүйенер болсақ, екі маңызды саяси шешімді айқындаймыз.

Біріншіден, жергілікті элита сегментінің ішкі саясатта ролі күшейіп отыр. Яғни, рулық аристократияның билігі нығайып отыр.

Екіншіден, салық реформасы кемелдендіріліп, біртұтас салық жүйесінің қалыптасқандығын байқаймыз. Оның үстіне өскери сегмент те күштейтілді. Жаугершілік заманды еске алар болсақ, қарулы күштер рөлінің қоғамда нығаюы заңды.

Бұл ғасырлар бойы қалыптасып қалған басқару жүйесіне өзінің ілгері ықпалымен бірге кері ықпалын да тигізді. Шын мәнінде ішкі дау-дамайларды шешудегі билердің маңызының артуы Шыңғыс хан тұқымдарының саясаттағы позициясын әлсіретіп, билікке деген таластартысты тежеді.

Руладың көші-қон территорияларын анықтау ежелден үлкен екі даудың бірі болып қалыптасқан жер дауының бейбіт жолмен шешілуіне жағдайлар туғызды. «Жерді бөлу – азаматтық заңдар жиынтығының толықтырылуына басты себеп, міне, осы. Жерді бөлуі жоқ халықтардың азаматтық құқығы да аз болады. Бұл халықтардың реттеуши мекемелерін заң деуден гөрі «әдет-ғұрып» деп атауға болады» [26, 322].

Әрине, бұл реформалар қоғамдық жаңа қатынастарды тудыруға ықпал етті. Ру мен тайпадағы ақсүйектер үстемдігі біраз шектеліп,

Ергөбек III. Қазақ хандарының саяси және құқықтық мұраттары...

қарапайым халықтың жағдайының жақсаруы мен қоғамда бұрын-соңды болмаған, лауазымдарды иеленуіне жол ашты. «Тәуке хан қолдағы бар мүмкіншіліктерді пайдаланумен халықтың, ел басшыларының санасына ел арасында өзінің ақыл-парасатымен, батырлық әрекеттерімен ел басқару ісіне бейімі бар дарынды тұлғаларды тарту қажеттігін сініруді саясатының ең басты мақсаттарының бірі деп таныды» [27, 10].

Жалпы Қазақ хандығының мемлекеттілік тарихы Ресей империясына кіруден басталады деген сөздер бүгінгі тарих ғылымында жиі кездесіп отырады. Оған мысал ретінде Д.Кішібековтің кеңестік кезеңде жазған төмендегі пікірін келтіруге болады: «Кочевая оторванная от мировой цивилизации жизнь, антисанитарные условия, безграмотность, господство шаманских методов «лечения», междуусобная борьба – все это тормозило социальный прогресс людей. В результате кочевое население влчило жалкое существование, подвергалось постепенному вымиранию. Земля казахов служила объектом ожесточенной борьбы между различными силами. Лишь добровольное вхождение в состав Российского государства положило конец междуусобице и спасло их от иноземного порабощения» [28, 208].

Ол кеңестік идеологияның негізгі концепциясы болып табылатын, көшпенді мемлекеттік құрылымдардың әлсіздігі мен мемлекеттік органдар жүйесі мен территориялық құрылымдардың тұрақсыздығы тұрғысынан қарастырылатын тұжырым екендігін айқындау қын емес.

Ал, Қазақ хандығы дәуірінде толыққанды мемлекеттік құрылымдар болды ма? Олар өз биліктерін қалай жүзеге асырды? Хандық билік қандай институттармен шектеліп отырды? Тәуке ханың Қазақ хандығын нығайтып, қазақ мемлекеттігін тұғырландырудың негізгі рөлі қандай? Бұл сұрақтардың бірқатарына біз жоғарыда жауап беріп те үлгердік.

Жалпы, кез келген хан маңызды проблемаларды шешу жолдарын сол кезеңге сәйкес қарастырды. Ханың нақты бір ситуациялар мен тығырықты жағдайлардан шыға алғы ханың беделі мен ықпалының негізгі көрсеткіші болып, тарихтағы орнын айқындағы. «Степень реальности внешнеполитических полномочий казахских ханов, объем их внешнеполитической компетенции зависели от того, насколько была сильна власть того или иного хана внутри ханства. Характерно, что жестокое отношение к своим подданным, использование хитрости

и наличие больших организаторских способностей у того или иного хана, т. е. то, что мы называем субъективным фактором, необходимого для первоначального управления государством, - особой роли в кочевых казахских ханствах не играло, потому что у казахов не было сильного централизованного государства.... Вместе с тем, необходимо подчеркнуть, что казахские ханы вопреки этим обстоятельствам, часто добивались успешной реализации своих внешнеполитических полномочий» [17, 107].

Осы тұрғыдан Тәуке хан заманының тарихта тұрақтылық пен айқын дамудың кезеңі ретінде қалғандығы белгілі. Сондықтан қазақ мемлекеттігі мен ондағы пайда болып, қалыптасуы, дамуы нақты тарихи кезең шындығы мен көзделген мақсаттар тұрғысынан қарастыруға ғана болатындығын түсіну маңызды. Тәуке хан халық бірлігін нығайтуда қара сүйек өкілдерін қолдап, халық даналығының қайнар көзі болып табылатын билерді мемлекеттік билікке келуіне, халықта өзінің айбарлығымен танылған батырларды әскери іспен шектемей, қазақ халқының өміріне елеулі ықпал ететін хан кенесіне мүше етуі алқалы билік элементтерін күшеттүге деген қажеттіліктен туындағаны айқын. «Он опирался на поддержку в каждом из трех жузов наиболее влиятельных биев: в Младшем - на Айтеке-бия, в Среднем – на Казыбек-бия, а в Старшем – на Толе-бия» [5, 150].

Оның үстіне бұл кезеңде өзінің билікке деген ынтасы іскерлік қабілеттігіне сәйкес келмейтін Шынғыс тұқымдары халық алдындағы беделінен айрыла бастағандығы белгілі.

Тәуке хан реформалары салиқалы билеушілердің билігіне тән элементтерге толы. Бұл билік Тәуке секілді адудынды ханға сай болатындығы белгілі болғанымен де басқа билеушілердің икеміне келуі қынын болатын. «Халық өз билеушілері мен соттарын өздерінің қызыметтік міндеттерінен айырап болса – демократия өletіндігі сияқты, монархиялар да қалалардың артықшылықтары мен әлеуметтік жіктердің (сословиелердің) прерогативаларын алып тастар болса – ыдырауға ұшырайды. Бірінші жағдайда – барлықтарының деспотизмі, екінші жағдайда – бір адамның деспотизмі орнайды» [26, 138].

Тәуке хан реформаларының кейінгі Сәмеке, Болат хандардың тұсында дағарысқа ұшырап, жалғасын таба алмағандығы да сондықтан. Осы тұрғыдан Абылай секілді деспоттық тарихи фигураның пайда болуы да заңдылық. Себебі жаңа тарихи жағдайда Тәуке хан заманындағы нормалар мен институттар ескіріп, жаңа талаптарды қанағаттандыра алмады.

Ергөбек Ш. Қазақ хандарының саяси және құқықтық мураттары...

Әдебиеттер

1. Сұлтанов Т. *Қазақ хандығының тарихы*. – Алматы: Мектеп, 2003. – 160 бет.
2. Тынышпаев М. *Великие бедствия... (Ақтабан-шұбырынды)*. – Алма-Ата: Жалын, 1992. – 152 бет.
3. *Қазақстан тарихы. Очерктер. Құрастыруышы: Ю.И.Романов*. – Алматы: Дәуір, 1994. – 447 бет.
4. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. *Казахстан Летопись трех тысячелетий*. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 383 с.
5. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. и др. *История Казахстана. Народы и культуры*. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 600 с.
6. Златкин И.Я. *История Джунгарского ханства*. Изд. второе. - М.: Наука, 1983. – 335 с.
7. Моисеев В.А. *Джунгарское ханство и казахи ХУП-ХҮІІІ вв.* – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 240 с.
8. Сегизбаев О.А. *Казахская философия XY-начала XX века*. – Алматы: Гылым, 1996. – 472 с.
9. Құдайбердіұлы Ш. *Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі*. – Алматы: Қазақстан және Сана, 1991. – 80 бет.
10. Руссо Ж.Ж. *Қоғамдық келсім-шарт немесе саяси құқық принциplerі*. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 160 бет.
11. *Қазақ Совет Энциклопедиясы*. 6-том. – Алматы: Қ.С.Э., 1975. - бет.
12. Құл-Мұхаммед М. *Алап қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының залогиясы*. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 бет.
13. Бекқұлов С.Д. *Құқық негіздері*. – Алматы, 2002. – 248 бет.
14. Бихай С. *Қазақ мәдениетінің тарихы*. Алматы, 2001. – 552 бет.
15. Абусейтова М.Х. *Из истории внешнеполитических связей Казахского ханства с соседними государствами во второй половине XYI в.* // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XYI-XҮІІ вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 165-176.
16. Сарсембаев М.А. *Международно-правовые отношения государств Центральной Азии*. – Алматы: Гылым, 1995. – 368 с.
17. *Труды академика В.В.Бартольда по истории Центральной Азии. Книга первая*. – Астана: Свободное общество, 2005. – 275 с.
18. Басин В.Я. *Россия и Казахские ханства в XYI-XҮІІ вв.* – Алма-Ата, 1971. – 276 с.
19. Ювалы А., Имашова Н. *Жалпы түркі тарихы*. – Түркістан: ХҚТУ, 2004. – 348 бет.
20. Валиханов Ч.Ч. *Записки о киргизах* // Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Қ.С.Э., 1985. – Т.2. – 7-82 беттер.
21. Артықбаев Ж.О. *Жеті жарғы*. – Алматы, 2003. – 150 бет.
22. Әбдіғалиев Б.Б., Жамалов Қ.Ж., Сатершинов Б.М. *Саяси ой тарихы*. – Алматы: Үш қиян, 2003. – 280 бет.
23. Левшин А.И. *Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей*. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
24. Адамбаев Б. *Төле би шешен* // Қазақтың Ата Зандары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. Бағдарлама жетекшісі: С.Зиманов 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 1-том. - 164-173 беттер.
25. Қенжебаев Б. *Түрік қағанатынан бүтінге дейін*. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 344 бет.
26. Монгескье Ш.Л. *Зандар рухы туралы*. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 784 бет.
27. Созақбаев С. *Тәүке хан Жеті жарғы*. Алматы: Санат, 1994. – 49 бет.
28. Кишибеков Д. *Кочевое общество: генезис, развитие, упадок*. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 236 с.

(Жалғасы. Басы өткен санда)